

ӘОЖ 339.976

**ҚАЗАҚСТАН-ӨЗБЕКСТАН-ТӘЖІКСТАН ТРАНСҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОРИДОРЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОДАН
АШЫЛАТЫН МҮМКІНДІКТЕР**

Садыкова Г.Т.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Экономикалық коридор түсінігіне бірегей түсінік болатындай анықтама жоқ. Дегенмен, жалпы алғанда, экономикалық коридор экономикалық дамуды ынталандыру үшін құрылған белгілі географиялық аумақ шеңберіндегі бірлескен инфрақұрылымдық торап болып табылады [1]. Бұл терминді алған рет Дамудың Азиялық банкі қолданды [2].

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, экономикалық коридорлар жиірек автомагистралдар, темір жолдар мен порттар сияқты бірлескен инфрақұрылымға ие және қалалар мен елдерді байланыстырады. Коридорлар өндірістік орталықтарды, жоғары сұранысы мен ұсынысы бар аудандар мен қосылған құнды тауарларды өндірушілерді байланыстыру үшін құрылуы мүмкін [3].

Экономикалық коридорлардың дамуы шаруашылық қызметті кеңістікті ұйымдастырумен байланысты. Ол қазіргі орын алған инфрақұрылым мен жаңа инфрақұрылымды, саясат пен жұмыс орындарын құратын және өсуді ынталандыратын жеке инвестицияларды тартуға арналған институттарды біріктіреді. Инфрақұрылым көліктік торапты (негізгі және қосымша жолдар, темір жолдар, порттар, аэропорттар), энергетикалық, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, қалалық инфрақұрылым мен экономикалық аумақтарды қамтиды.

Соңғы жылдары трансұлттық экономикалық коридор (ТҰЭК) құру аумақтық экономикалық ынтымақтастық пен интеграция және кеңістіктік теңгерімшілікті экономикалық өсу мен даму деңгейін көтерудің тиімді құралы ретінде танылуда. Аумақтық экономикалық ынтымақтастықтың (ОААЭЫ) 2030 жылға дейінгі Орта Азиялық бағдарламасының ұзақ мерзімді стратегиялық шеңберінің операциялық кластерлерінің бірі - сауда мен туризмді дамытумен бірге экономикалық коридорлар құру [3].

ОААЭЫ Бағдарламасы даму бойынша алты әріптестің: Азиялық даму банкі, Еуропалық реконструкциялау мен даму банкі, Халықаралық валюта қоры, Ислам даму банкі, БҰҰ даму Бағдарламасы мен Әлем банкінің қолдауымен, 11 елдің (Ауғанстан, Азербайжан, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан Республикасы, Монголия, Пакистан, Қытай Халық Республикасы, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) әріптестігін құрайды. ОААЭЫ Бағдарламасы аумақтық экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияны жылжыту жолымен экономикалық дамуға ықпал етуге бағытталған [4].

Соңғы жылдары Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстан арасындағы қатынастар біршама жақсара бастағандығы белгілі. Бұл кедергілерді елдер тауарлар мен тұрғындардың трансшекаралық ауысып отыруы үшін мардымды төмендетті. Өзбекстанның соңғы уақыттағы саяси бағытының ашықтылыққа қарай беталысы Қазақстан мен Өзбекстан сияқты көршілес елдердің аумақтық ынтымақтастықты дамыту және халықаралық байланыстарды бекіту үшін көбірек мүмкіндіктер алуына жол ашты.

Екі онжылдық шамасында арасында салқын қатынастар орнаған Тәжікстан мен Өзбекстан бірі біріне қатынасу үшін азаматтарға арналған 30 күнге дейінгі мерзімді қамтитын визалық талаптарды алып тастады. Олар, сондай-ақ, 1990 жылы жабылып қалған шекарадан өтетін көптеген пунктерді ашты. Қазақстан мен Өзбекстан өзара бірқатар бизнес-форумдар өткізді, онда АҚШ-ң жүздеген миллион долларына тең келісімдерге қол қойылды.

2017-2019 жылдары ішінде үш елдің арасында сауда және туристік ағымдар да едәуір ұлғайды. Қазақстан мен Өзбекстанның арасындағы екі жақтық сауда көлемі 2016 жылдағы 1,8 млрд. АҚШ долларынан 2019 жылы 4,1 млрд. долларға дейін өсті. Тәжікстан мен Өзбекстанның арасындағы екі жақтық сауда көлемі осы уақыт ішінде АҚШ 81,8 млн. долларынан 470,6 млн. долларға дейін өсті. Қазақстан мен Өзбекстанға келіп кеткен Тәжікстан азаматтарының саны 2016-2018 жылдары 4,4 есе, ал Қазақстан мен Тәжікстанға келіп кеткен Өзбекстан азаматтарының саны осы мерзім ішінде екі еседен артты [5].

Орталық Азия экономикалық қалыпқа келу кезеңін басынан кешіруде және де Өзбекстанның ашылуына байланысты аумақтық оңтайлы дамуынан тек қана ұтатыны сөзсіз. Жаңа қалыптасқан жағдайда Орта Азия елдері, атап айтқанда, Өзбекстан мен көршілес Қазақстан мен Тәжікстан экономикалық өсуді ынталандыру, жұмыс орындарын құру және әрбір ел өзінің азаматтарының өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында аумақтық ынтымақтастық мен интеграцияның мүмкіндіктерін пайдалануға ұмтылыс танытуда. Бұл елдерде сауда экономиканы диверсификациялауда табиғи ресурстарға тым тәуелді болудан экспорттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өсудің орнықты үлгісінің қозғаушы күші ретінде анықталып отыр.

Сонымен қатар аумақтық және ғаламдық өндірістік торабының, құн мен жаңа технологияларды жасаудың өсіп келе жатқан үрдісі жақсарған ақпараттық және коммуникациялық технологиялармен бірігіп, Орталық Азия мен ОААЭЫ мүше елдер үшін олардың аумақтық және ғаламдық саудаға қатысуын кеңейтуге қажетті жағдайлар жасайды. Осы үдеріске ықпал ету үшін сауда саласында 2030 жылға дейінгі Бірлескен Бағдарлама жасалды. Осының барлығы Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстан үшін саудалық интеграцияны күшейту мақсатында аумақтық экономикалық коридор саласында трансшекаралық ынтымақтастықты жалғастыру үшін оңтайлы жағдай тудырады [3].

Бұдан әрі қарай Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстан Өкіметтері көлік, энергетика және басқа салаларда бірлескен жобаларды іске асыруға ниет етуде. Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстан бірнеше жыл барысында екі жақты тауар саудасын 5,0 миллиард долларға ұлғайтпақшы. Осы сияқты Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстан орта мерзімді перспективада екі жақты тауар саудасын 1,0 миллиард долларға ұлғайтуға ұмтылуда. Осы үш ел сонымен қатар басқа елдерге транзиттік саудаға ықпал жасау жолымен өздерінің тауарлар экспорты мен қызмет көрсетулерін ұлғайту бойынша ынтымақтастыққа мүдделі [5].

Шымкент-Ташкент-Худжант экономикалық коридорын (ШТХЭК) салудың географиялық бағыттылығы Қазақстанның Шымкент қаласы мен Түркістан облысына, Өзбекстанның Ташкент пен Ташкент облысына, және де Тәжікстанның Соғды (Худжантты қосып алғанда) облысына барып саяды. Жақында болған семинарда үш елдің өкілдері кейіннен ШТХЭК географиялық қамтуы, Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстанның басқа қалалары мен/немесе облыстарын қосу үшін, кеңейтілуі мүмкін. ШТХЭК болашақта Ферғана даласының қалған бөлігіне тарауы да мүмкін.

Шымкент пен Ташкент қалалары мен сонымен бірге Туркестан, Ташкент және Соғды облыстарынан тұратын географиялық ауданның жылдам дамитын ТҰЭК-ы болатындығына көптеген себептер бар. Олардың үшінде төмендегілерді атап өтуге болады:

- тиімді орналасуы мен аумақтың кеңістіктік ерекшеліктері;
- салыстырмалы жақсы трансшекаралық көлік байланысы мен тұрғындардың жоғары саны;
- аумақтағы жоғары экономикалық белсенділік;

- аумақтағы қазақстандық, өзбекстандық және тәжікстандық бөліктерінің арасындағы тарихи, мәдени және этникалық тығыз байланысы;

- олардың арасындағы өзара тиімді трансұлттық экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияны ұлғайтуға арналған мүмкіндіктердің молдығы.

Шымкент-Ташкент-Худжанд қалалары мен Туркестан-Ташкент-Соғди облыстары бір біріне тез жете алатындай жақын орналасқан: Шымкент пен Ташкент арасы 100 км және Ташкент пен Худжанд арасы 160 км. Бұл қалалар мен облыстарда салыстырмалы алғанда тұрғындардың көп саны тұрады: шамамен алғанда 9 млн. адам немесе Орталық Азияның тұрғындарының жалпы санының 15% Туркестан-Ташкент-Соғди облыстары шеңберінде өмір сүреді.

Сондай-ақ олар халықаралық нарықтармен стратегиялық байланыста: Шымкент Еуропа-Шығыс Азия мен Россия Федерациясы-Жақын Шығыс пен Оңтүстік Азияның қиылысында орналасқан, ал Ташкент пен Худжанд туристік орталық болып табылады. Одан басқа, бұл үш қала мен облыстар, әсіресе, ауыл шарушылығы мен азық-түлік тұрғысынан алғанда, бірін-бірі толықтыратындай экономикалық белгілі деңгейге ие. Мысалы, Қазақстан, Өзбекстан мен Тәжікстанға ауыл шаруашылық азық-түлігі мен ет өнімдерін, ал олар көкөніс пен жемістерді Қазақстанға шығарады.

Басқа да бірін-бірі толықтыратын жағы жұмыс күшінің жинақылығы болып табылады, бұған үш ел арасындағы тығыз тарихи, мәдени және тілдік байланыстар ықпал етеді.

Үш елдің арасында экономикалық өзара әрекет дамып келеді: Өзбекстан мен Тәжікстанның арасындағы тауар айналысы 2018 жылдың бірінші жартысында 35%-ға өсті және \$160 миллионорды құрады [6, 7, 8].

2018 жылдың қазанында Азиялық даму банкі Қазақстан-Өзбекстан-Тәжікстан арасында ТҰЭЖ құрудың әлеуетін бағалау үшін техникалық көмекті беруге келісім берді. Бұл экономикалық коридор - «Шымкент-Ташкент-Худжанд Экономикалық коридоры» (ШТХЭЖ).

Осы сәттен бастап Азиялық даму банкі Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстанның Өкіметтеріне осы үш ел арасындағы трансұлттық экономикалық коридорды дамыту мен аумақтық ынтымақтастық пен интеграцияның әлеуетін пайдалану сұрақтарын зерттеуде қолдау көрсету мақсатында техникалық көмекті іске асыра бастады. Оның мақсаты - экономикалық өсуді ынталандыру, жана жұмыс орындарын жасау және сонымен бірге өз азаматтарының өмірінің сапасын арттыру [9].

2019 жылғы өткізілген белсенді жұмыс негізінде оған қатысушы үш жақтың арасында ортақ консенсус құрылды. Ол консенсусқа сәйкес, Шымкент-Ташкент-Худжанд экономикалық коридорын дамыту бойынша күш төмендегідей алты мақсатты өзара байланысты салаларға шоғырланбақшы:

- 1) автомобиль мен темір жол көліктік байланыстылықты жақсарту;
- 2) шекаралық өткізу пунктері мен шекараларды басқаруды модернизациялау;
- 3) ауыл шаруашылығындағы қосылған құн тізбегін дамыту;

- 4) санитарлық/фитосанитарлық шараларды модернизациялау және тамақ өнімдерінің сапасын сертификаттау жүйесін дамыту;
- 5) аумақтық туризмді дамыту;
- 6) арнайы экономикалық және индустриалдық аймақтарды дамыту.

2019 жылдың желтоқсанда Ташкентте (Өзбекстан) өткен бірінші аумақтық семинардан кейін экономикалық коридорға арналған Жол картасы дайындалды. Бұл Жол картасы ұсынылған мақсатты салаларды, сауда әлеуетін талдауды, негізгі салалардағы орын алған шешуді қажет ететін мәселелерді бағалауды, осы мәселелерді шешуге арналған жоспарлар мен жобаларды, күтілетін нәтижелер мен ұсынылған институционалдық құрылымды қамтиды.

Сонымен, қорыта келгенде, трансұлттық коридорды құру Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстан үшін олардың бірі бірімен ғана емес, сол сияқты басқа елдермен экономикалық бірігуін күшейтуде өте пайдалы болуы мүмкін. Әрине, әлі де шешуді қажет ететін мәселелер жеткілікті. Бұл мәселелерге біз келесі мақалаларымызды арнаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Brunner, Hans-Peter. "What is Economic Corridor Development and What Can It Achieve in Asia's Subregions?" (PDF). Asia Development Bank. Archived from the original (PDF) on 23 October 2014. Retrieved 17 October 2014.
2. Octaviano, BY Trishia P. "Economic corridors boost markets, living conditions". BusinessWorld Research. Archived from the original on 18 October 2014. Retrieved 17 October 2014.
3. Banomyong, Ruth. "Benchmarking Economic Corridors logistics performance : a GMS border crossing observation" (PDF). World Customs Journal. Archived from the original (PDF) on 10 June 2014. Retrieved 17 October 2014.
4. Азиатский банк развития. ЦАРЭС 2030: Соединяя региона для совместного и устойчивого развития. - Манила. – 2017 г.).
5. Роман Могилевский. Оценка торгового потенциала вдоль предполагаемого экономического коридора Шымкент-Ташкент-Худжанд. – Нур-Султан. - Июль 2020 г.
6. Агентство по статистике при Президенте Республики Таджикистан /<https://www.stat.tj/en/>.
7. Центральный банк Республики Узбекистан /<https://cbu.uz/en/>
8. Национальный Банк Республики Казахстан /<https://www.nationalbank.kz/?&switch=english/>.
9. Азиатский банк развития. Техническая помощь для оценки потенциала развития экономического коридора между Казахстаном, Узбекистаном и Таджикистаном. –Манила. -2018 г.).